

**Шетелдік кеңесшіден Алиева Жанат Абилжановнаның
«Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту
үстанымдары» атты тақырыптағы 6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін
жазылған жұмысына**

Пікір

1. Тақырыптың өзектілігі

Бүгінгі білім беру үдерісін оңтайландыру мен жетілдіру ұлттық ғылым мен руханият алдына жаңа міндеттер қоюда. Жоғары мектепте жекелеген пәндерді оқытуда білім алушының өзін-өзі тануына, шығармашылық қабілетінің шыңдалуына, оның дара тұлға ретіндегі қасиеттерінің қалыптасуына жағдай жасау жаңа педагогикалық бастаудың негізін қалауда. Сол себепті жоғары мектепте оқытылатын әр пәннің әлеуметтік дамудағы рөлін, студентті білімді де білікті маман болып шығуына түрткі болатын заңдылықтар мен оқытудың басты қағидаларын жүзеге асыратын үрдістерді ғылыми тұрғыдан нақтылай түсу қажет.

Қазақ халқының көркемдік ойлау дәстүрінің тарихы өте көне замандардан бастау алады. Біздің жыл санауымызға дейінгі ежелгі дүниенің сақтар мен ғұндар сияқты, көне замандардағы көк түріктер сияқты бабаларымыздың таным, түйсіктерінің бейнелілікке, көркемдік ойлауға ұласуы ғажайып әдеби туындылардың тууына себеп болды. Табиғат пен қоршаған ортада болып жатқан алапат құбылыстардың тылсымын тануға деген құштарлық көшпелі жұрттың қарабайыр, тұрпайы ойлаудан гөрі бейнелі, суретті сипаттау қасиетін ұштады. Көргені мен естігенінен эстетикалық ләззат алу олардың көңіл-күйлері мен сезім қалдерін сұлу сөзбен баяндау талабын оятты. Осы эстетикалық үрдіс бірте-бірте дәстүр болып қалыптасып, уақыт өткен сайын көркемдік қуаты жоғары дүниелер келе бастады. Әдеби шығармалардың тақырып ауқымы кеңейіп, көркемдік-идеялық қуаты күшейіп, эстетикалық құндылығы артты. Міне, жалпы көне түркілік әдебиетке тән осы қасиеттердің барлығы сол түркі жұртының үлкен бір бұтағы саналатын қазақ әдебиетінің де бойында толық сақталған. Ғасырлар бойы екшеліп, бірнеше қабат сүзгіден өтіп жетілген осы түркілік әдеби сарындар қазақ әдебиетінің нәр алар негізгі арнасы, бастау бұлағы болды. Уақыт талабы мен заман сұранысына орай осы әдеби құбылысты арнайы зерттеу қажеттілігі туғалы көп уақыт болса да, бұл келелі шаруаның бүгін де болса қолға алынғандығы қуантады. Сондықтан да, қазақ поэзиясындағы түркілік сарынның көрінісі мен оны оқытудың мәселелерін саралай зерттеп, жан-жақты талдау, әдеби дәстүр жалғастығының тарихи-көркемдік ерекшеліктерін айқындау жұмыс тақырыбының өзектілігін танытады.

2. Алынған нәтижелер негізділігі мен дәйектілігінің, олардың жаңалығының дәрежесі. Диссертациялық жұмыстың дәйектілігі қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындардың көрініс табуын әдебиет тарихы

кезеңдері аясында жүйелі түрде ғылыми-теориялық және әдіснамалық тұрғыдан жан-жақты қарастырудан танылады. Зерттеу тақырыбына байланысты отандық және шетелдік ғалымдардың әдеби теориялық, философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектері зерделенген.

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындардың сюжет құраушылық қызметінің ерекшеліктері жан-жақсы қарастырылады. Біздің дәуірімізге дейінгі ежелгі тайпалардың әдеби жәдігерліктерінен бері қарай желі тарта отырып, көне түркілік, орта ғасырлық түркі әдебиеттерінің сюжеттік арнасы қамтыған сан алуан тақырыпты саралайды. Осы ескілік әдеби нұсқалардағы негізгі сарындардың тек түркі әлеміне ғана емес, дүние жүзіне кең тараған ежелгі миф, аңыз, эфсана, ертегі және басқа да эпикалық сарындармен өзара үндестігі нақты дәйектелген. Көне түркілік сарындардың қазақ поэзиясындағы белгілерін ашуда салыстырмалы-типологиялық әдісті қолдана отырып, оны оқытудың даралық ұстанымдарын да ғылыми жүйелейді.

Зерттеу барысында ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен диссертация материалдарын жоғарғы оқу орындарының «5B011700 - қазақ тілі мен әдебиеті», «5B020500 - филология» мамандығының студенттеріне қосымша оқу құралы ретінде, «Көне түркі жазба ескерткіштері», «Әдеби дәстүр және жаңашылдық мәселелері», «Қазақ әдебиетінің тәуелсіз кезеңі» сияқты арнаулы курстарды оқытуда пайдалануға болады.

Ғылыми-теориялық және әдіснамалық тұрғыдан толымды тұжырымдар жасалған диссертациялық жұмыстағы:

- қазіргі қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың философиялық, педагогикалық, психологиялық негіздерінің саралануын;

- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың әдістемелік жолдарының жүйеленуі мен оны игеруге қатысты білім беру технологияларының айқындалуын;

- кредиттік оқыту жүйесі бойынша ЖОО студенттерін сапалы даярлаудың басым бағыттарының анықталуын;

- ЖОО қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудағы білім мазмұнының нақтылануын;

- ЖОО қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың жаңа технологиялары арқылы ұйымдастырылуы қазақ әдебиеті сабақтары жүйесінің негізделуіне, олардың педагогикалық, психологиялық шарттарын жасалуына әкелді.

- ЖОО қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды жаңа технологиялары арқылы оқыту студенттің жеке тұлғасының қарқынды дамуына әсер етуші фактор ретінде танылды. Яғни, оқыту үдерісінде интербелсенді әдіс-тәсілдердің маңызды рөл атқаратыны айқындалды.

- студенттің педагогикалық біліктілігін дамыту мен қалыптастыруда тиімді әдіс-тәсілдер мен технологиялардың ұсынылуы оның **жаңалығы** деп санаймыз.

3. Алынған жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы.

Зерттеу қорытындылары әдебиеттану, әдістеме, педагогика ғылымдары теорияларын жетілдіруге, қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың әдіснамасын ғылыми негіздеуге мүмкіндік тудырады. Жоғары оқу орнындағы әдебиет тарихы мен теориясын тереңірек меңгертуге, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің теориялық негізін байытуға ықпал етеді. Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша дәйектелген негізгі тұжырымдар мен түйіндер студенттерден күтілетін білім нәтижелерін ғылыми-теориялық жағынан дәйектеуге көмектеседі. Зерттеу жұмысында Қазақстанда ЖОО студенттерін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан даярлау жүйесінің дамуының зерттеу кезеңіндегі алғышарттары да нақтылап көрсетіледі. Ол негізінен ұлттық білім беруді реформалау жағдайында ЖОО студенттерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесін жаңартуға негізделген. Қазақстанның білім беру жүйесіндегі ЖОО студенттерін даярлаудың басым бағыттары да эксперимент нәтижелері арқылы анықталған.

Ғылыми зерттеуде қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды әдебиет тарихының барлық кезеңдері аясында жүйелі қарастыру жүзеге асқан. Көне түркілік сарындар желісінде пайда болған сюжеттердің әдеби дәстүр жалғастығы негізінде дамып, қалыптасу тарихы сараланған. Бұл зерттеу жұмысында қазақ поэзиясының негізгі бастаулары мен ежелгі арналары анықталып, ондағы сюжеттік желілерді құраған түркілік сарындарды оқытудың даралық ұстанымдары мен ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалады, қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың әдістемелік жүйесі нақтыланады.

Зерттеу барысында ұсынылып отырған ЖОО студенттеріне бағытталған нақты әзірлемелерді жалпы білім беретін болашақ мамандарды оқыту барысында жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждердің тәжірибелерінде пайдалануға болады.

4. Алынған жұмыс нәтижелердің негіздемелік және шынайылық дәрежесі.

Зерттеу мәселесінің негіздемелік дәрежесі ғылыми-әдістемелік еңбектерді зерделеу нәтижесінде алынғандығымен айқындалады. Оның шынайылығы ЖОО студенттерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің даму кезеңдеріне бағытталған әдіснаманың жеке тұлғалық, іс-әрекеттік, прагматикалық-әрекеттік, жүйелілік, мәдениеттанымдық, нақты-тарихи, тұлғалық-бағдарлы, іргелі-ғылымилық амалдары тірек етіле отырып, ғылыми қорытындыдағы жетістіктер негізінде сипаттама берілуі арқылы айқындалады.

5. Диссертацияның жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі.

Ж.А.Алиеваның 6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынған «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары» атты диссертациялық жұмысының ғылымылығы мен көкейкестілігі күмән тудырмайды. Диссертациялық жұмыс толық аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертация нәтижелерінің ішкі тұрақтылығы кіріспедегі

ғылыми аппаратында, бөлімдерінде және тұжырымдарында айқын көрініс тапқан. Зерттеу материалдары тұтас қамтылуымен, логикалық бірізділігімен ерекшеленеді.

Диссертациялық жұмыстың бөлімдері өзара тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырып отырады. Алынған нәтижелер ұсынылып отырған болжамдарды негіздеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған.

6. Мақалалардың жеткіліктілігін растау, негізгі ережелер, нәтижелер, диссертацияның түйіні мен қорытындысы.

Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы, зерттеу мәселесінің шешімі ғылыми баяндама түрінде халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда, Scopus (*ISI web of Knowledge, Thomson Reuters, Scopus*) компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарында, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда, мектептердің әдістемелік кеңестерінде және баспасөз бетінде жарық көрген ғылыми мақалаларда, әдістемелік нұсқауларда көрініс тапқан. Диссертация мазмұны бойынша оқу құралы жарық көрген.

7. Көпшілік алдында қорғауға жіберуге ұсыну.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардың негізінде ұсынылып отырған ғылыми зерттеудің орындалу деңгейінің, теориялық және практикалық маңыздылығының «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, Алиева Жанат Абилжановнаның 6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға дайындалған «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары» атты диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Шетелдік кеңесші:

PhD доктор З.М. Ауэзова

EURASIAN PERSPECTIVE
Amyrtao
P.O. BOX 256
11-5319 AG BOXMEER